

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
6В017- ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС
МӘЖІЛІСІНІҢ № 1 А ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.11.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – ф.ғ.к. С.М.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал – ф.ғ.к., доцент Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD, қауымд.проф. М.Е.Сейтова, академиялық персонал – ф.ғ.к., қауымд.проф. Ж.И.Исаева, академиялық персонал – PhD Л. Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD Г.Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. А.С.Даулетова, академиялық персонал – ф.ғ.к., доцент Т.Көшенова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж. Ошақбаева, білімгер өкілі – Ж.А.Сейтметова, білімгер өкілі – Ф.А.Юлдашова, білімгер өкілі – А.Р.Орынбасар, жұмыс беруші өкілі – Р.К.Урумова, жұмыс беруші өкілі – А.Момбеков

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына сәйкес, Академиялық департаменттің Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі тарапынан «Адал азамат» концепциясын Педагогикалық компонент пәндерінің силлабустарына енгізу мәселесі

ТЫНДАЛДЫ:

АК төрағасы С.Мағжан сөз алып, күн тәртібіндегі «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына сәйкес, Академиялық департаменттің Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі тарапынан «Адал азамат» концепциясын Педагогикалық компонент пәндерінің силлабустарына енгізу мәселесі бойынша ұсыныстарды ортаға салуды ұсынды.

АК төрағасы С.Мағжан: Біздің ойымызша, «Адал азамат» тақырыбын Қазақ тілі пәніне 2-семестрде өтілетін сабақ жоспарына, жұмыс бағдарламасына немесе модульдік тақырыпқа тікелей енгізуге болады. «Адал азамат» тақырыбын лексикалық тақырыпқа енгізу жолдары:

Лексикалық тақырыптың мақсаты – студенттерге адамның моральдық-этикалық қасиеттеріне қатысты сөздік қорды меңгерту, мәтінмен жұмыс жасау, академиялық жағдаяттарда қолдану.

Лексикалық минимум:

- адалдық, әділдік, жауапкершілік, адамгершілік, парасат, сенім, ар-намыс;
 - сенімді болу, уәдені орындау, шыншыл болу;
 - қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтық борыш, үлгілі тұлға;
 - жемқорлыққа қарсы мәдениет, ашықтық, тәртіп;
- Лексикалық блоктарды енгізу әдістері:

1 Тақырыптық мәтін. «Адал азамат деген кім?» атты қысқа мәтін беріп, сөздікпен жұмыс жасату.

2 Пәндік терминдер: *этика, мәдениет, құндылық, адам капиталы, әлеуметтік жауапкершілік.*

3 Коммуникативтік жағдаяттар. «Уәде бұзылған жағдайда не істейсіз?», «Адал азаматтың қоғамдағы рөлі қандай?» – пікірталас.

Тақырыпты грамматикамен байланыстыру үшін адалдық, мінез-құлық, жауапкершілік туралы сөйлемдер арқылы грамматикалық құрылымдарды бекітуге болады.

АК мүшесі Ж.Исаева: Бұл бағдарламаның «мақсаты – оқушыларға адалдық, еңбекқорлық, патриотизм қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту» деп айқындалған. Министрлік әр-әр кезде осылайша тәрбие бағдарламаларын ұсынып отырады. Олардың мемлекет тапсырған, ел сенім артқан мән-мазмұн мен мақсат-міндеттерге сай келуі, лайықты болуы бөлек әңгіме. Негізі, мұндай тәрбие бағдарламаларының түпкі мақсат-міндеттері – мемлекетіміз бен қоғамның болашақ өкілдерін зерделі азамат, мықты маман етіп қалыптастырумен бірге оларды әуелі ақылды, ар-ұятты, ынсапшыл, ізетшіл, рақым-мейірімді, еңбекқор, елін, жерін сүйетін жақсы адам, өнегелі адам, қайырымды адам, толық адам, адал азамат етіп тәрбиелеу болуға тиіс. Әсте мұндай тәрбие бағдарламалары білім-біліксіз ой, кәсіби-ғылыми өресіз таныммен, жеңіл, көзбояушылық әрекетпен жасалуға тиіс емес. Әйтсе де үміт артып мұндай тәрбие бағдарламаларының жасалып, жүзеге асырылуға жол тартып жататынына қуанамыз, тілектеспіз, үлес қосамыз. Сөйте тұра мұндай тәрбиелік бағдарламалардың министрлік тарапынан науқаншылдықпен байыбына бармай жасалып жататыны бар. Негізі, мемлекетіміздің күллі идеологиялық, ақыл-ой, адамгершілік ізденісі мен әрекетінің бастауы мен өзегінде - Аристотель, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Ясауи ілімдерінің мән-мазмұны іргетас болып қалануы тиіс. Біз, қазақ халқы, осы орайда жолы болған құтты елміз. Себебі бізде аталған ғұлама ойшылдар мен ойшыл ақындардың іргелі ойларымен қабысатын, сабақтасатын Абайдың жаңашыл да төл, өзіндік адамгершілік ілімі бар. Ол – Абайдың Толық адам ілімі. Негізі, «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының да өзегінде осы Толық адам ілімі жатыр. Міне біз осындай бақытты елміз. Алайда осындай рухани-адамгершілік қазынамызды игілігімізге жарата алмай жүрген елміз, өкінішке орай.

Министрлік ұсынып отырған «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы мән-мазмұны мен мақсат-міндеттері тұрғысынан онды, дұрыс жүзеге асырылар болса, мемлекетіміз бен еліміз бұрынғы-соңғы ойшылдар армандаған, толғанып тұжырымдаған іргелі, қайырымды қоғамға айналар еді. Осылай болар деп үміттенеміз.

Бұл бағдарламаның мақсат-міндетін қай заманнан бері әдебиет пәнінің мән-мазмұны атқарып келеді. Әдетте көп кісілер, тіпті рухани-адамгершілік, идеология саласының жауапты мемлекеттік мамандары да әдебиет пәнінің жақсы, өнегелі адам, адал азамат тәрбиелеудегі айрықша үлесін бағалай бермейді. Әсіресе осы жолда Абайтану пәнінің, оның негізгі мазмұны Толық адам ілімінің атқарар ісі мен үлесі аса зор деп санаймын. Абай – ақын болумен бірге Аристотель, әл-Фараби ізімен өзіндік адамгершілік ілімін жасаған ойшыл тұлға.

Әрине күллі мамандықтардағы білім беру бағдарламалары кәсіби білім беру, дағды қалыптастырумен бірге адам тәрбиелеуге, «Адал азамат» дайындауға бағытталуы тиіс. Мықты маман болу – міндет, Толық адам, «Адал азамат» болу парыз. Маман болудың үстіне адам, азамат ретінде қалыптасуға зор үлесін қосатын рухани-адамгершілік мазмұнындағы танымдық-тәрбиелік мәні мол Абайтану пәнін барлық мамандықтарға өтілетін пән ретінде бекіту – уақыт пен заман талабы, мемлекет мүддесі деп білемін. Адам ретінде ақылды, ар-ұятты, адал болып қалыптаспаған маманнан ешқашан да ел, халық, мемлекет мүддесін шынайы ойлайтын азамат шықпайды. Ендеше оқу-тәрбие барысында рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдірмей жетістікке жете алмаймыз. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының да нәтижелі болуы осы рухани-адамгершілік жағынан ізденіс жасап, әрекет етуімізге көп байланысты, тікелей байланысты.

АК мүшесі С.Бейсембаева: «Адал азамат» тақырыбын міндетті компоненттегі Орыс тілі пәніне енгізуге болады деп есептейміз. Талдау барысында мынандай

лексикалық және грамматикалық минимумдарды жоспарлауға болады және оқу нәтижелерін көрсетеміз:

Мақсаты – оқушыларға азаматтық жауапкершілік, адалдық, адамгершілік құндылықтарын танытатын тілдік бірліктерді меңгерту; қоғамдық нормаларды сипаттайтын сөздерді пайдалана отырып, коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Лексикалық минимум: *честность, добропорядочность, ответственность, гражданский долг, справедливость, уважение, доверие, нравственные качества, порядочный человек, культура поведения, общественные нормы, дисциплина, обязательства, честный поступок және т.б.*

Коммуникативтік дағдылар:

- «Адал азамат» ұғымына сипаттама беру;
- жағдаяттық диалогтар құру (міндет, жауапкершілік, тәртіп туралы);
- қоғамдық ортада дұрыс және адал әрекет мысалдарын талқылау;
- шағын мәтін, пікір, эссе жазу («Что значит быть честным гражданином?»).

Грамматикалық компонент: Орыс тілі пәнінің базалық грамматикасын лексикалық тақырыппен байланыстыра отырып меңгерту.

Оқу нәтижелері: Студент:

- «адал азамат» ұғымын түсіндіреді, сөйлеу барысында тиісті лексиканы дұрыс қолданады;
- азаматтық құндылықтарды сипаттайтын мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтайды;
- грамматикалық құрылымдарды қолдана отырып, өз пікірін дәлелдей алады;
- адалдық пен жауапкершілікке қатысты мәселелер бойынша диалог және монолог құрастырады.

АК мүшесі М.Сейтова: 6B01721, 6B01728, 6B01729 білім беру бағдарламаларына «Адал азамат» тақырыбын Шет тілі пәніне енгізуге болады. Шет тілі (ағылшын тілі) пәніне «Адал азамат» тақырыбын енгізу жолдары және негіздемесі:

1.1. Лексикалық тақырып ретінде енгізу

Сабақтың сөздік қорына «honesty, fairness, responsibility, integrity, trust, justice, truth, respect» сияқты адалдыққа қатысты сөздерді қосу.

Жаттығу: Білім алушылар honesty туралы сөйлем құрастырады немесе шағын диалог жасайды.

1.2. Мәтін арқылы енгізу (Reading)

«Honest people», «Integrity stories», «Real-life examples of honest actions» сияқты қысқа мәтіндер беру.

Жаттығу: Мәтіннің идеясы мен кейіпкерлердің адалдық әрекеттерін талқылау.

1.3. Сөйлеу дағдысында (Speaking activity)

Тақырыптық сұрақтар:

- * What does an honest citizen mean to you?
- * Why is honesty important in society?
- * Describe a situation where honesty changed the result.

Жұптық, топтық талқылаулар ұйымдастыру.

1.4. Жазылым дағдысында (Writing)

Эссе немесе ойтолғау:

- * Why should a modern citizen be honest?
- * Honesty as a personal value

Білім алушы мысал келтіріп, өз көзқарасын ағылшын тілінде қалыптастырады.

1.5. Рөлдік ойындар (Role-play)

Ситуациялар беру: зат тауып алу, дүкендегі қателесіп қайтарылған ақша, емтихан кезіндегі адалдық. Білім алушылар жағдайды ағылшын тілінде ойнап шығады.

Шет тілі тек тіл үйрететін пән емес, сонымен қатар білім алушының құндылықтық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Адал азамат» тақырыбы оқушының мінез-құлқын, азаматтық ұстанымын дамытуға септігін тигізеді.

Шешім:

1. Қазақ тілі, Абайтану, Орыс тілі және Шетел тілі пәндерінің мазмұнына «Адал азамат» тақырыбын енгізу жөніндегі ұсыныс Әдістемелік комитеттің қарауына ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы:

С. Мағжан
Г. Ризоходжаева

С.Мағжан

Г.Ризоходжаева